

РЕСМИ

Әр ұсыныс күнды

Жаңа Конституцияға қатысты кез келген Қазақстан азаматы ұсыныс жолдай алады. Құжат жобасы «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» басылымдарында және Конституциялық сот сайтында жарияланды.

Қосымша ұсыныстар болса, eGov порталына кіріп, «электрондық өтініштер» бөлімін таңдау қажет. Одан соң «онлайн сұрау» батырмасын басып, «өтініш беру» тетігі арқылы ұсынысыңызды енгізе аласыз. eGov mobile қосымшасы арқылы да дәл солай, e-Otinish бөлімін таңдап, «өтініш беру» батырмасы арқылы кіріп, «кодекс түрі», «өтініш түрі», «қай мемлекеттік органға жолдау қажет» бәрін белгілейсіз. Электронды цифрлық қолтаңба кілтімен қол қойып, ұсынысты жібересіз. Хабарламалар түскен сәттен бастап 15 жұмыс күні ішінде қаралады.

Еске саламыз, Конституцияның жаңа жобасы бойынша енгізілетін өзгерістер көптің дауыс беруімен жалпыұлттық референдумда қабылданады.

Өз тілшімізден

Жаңа дәуірге жасалған жарқын қадам

Еліміз жарқын болашаққа кепіл болар жаңару дәуіріне қадам басты. Дәл қазіргі уақытта қоғам талқылауына ұсынылған Ата Заңымыздың жаңа редакциясында қолданыстағы Конституцияның 84 пайызы өзгертілген. Яғни, бұл – жай ғана өзгерістер мен түзетулер енгізу емес, тарихи реформа. Кеше облыс әкімдігінде Конституциялық реформаны қоғамға кеңінен түсіндіру мақсатында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасын талқылауға арналған кеңейтілген актив отырысы өтті. Жиында Ұлттық Құрылтайдың V отырысында жарияланған саяси жаңғырудың жаңа кезеңі, бір палаталы Парламент құруды көздейтін парламенттік реформа, сондай-ақ, мемлекеттік басқару моделі секілді саяси мәселелер кеңінен таразыланды.



Маржан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»



Актив отырысына төрағалық еткен облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев елде жүріп жатқан конституциялық реформаның саяси һәм тарихи мәніне кеңінен тоқталды.

– Былтыр 8 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында жасанды

интеллект дәуіріндегі мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының жаңа бағдарын айқындап, бірқатар жүйелі міндеттерді белгіледі. Сол міндеттердің өзегінде парламенттік реформалар, соның ішінде бір палаталы Парламент құру қажеттілігі тұр. Қаңтар айында өткен Ұлттық Құрылтайдың

V отырысында Президент елді саяси жаңғыртудың жаңа кезеңі басталғанын жариялап, ауқымды Конституциялық реформаның қолға алынғанын мәлімдеді. Осыған байланысты 21 қаңтарда Конституциялық комиссия құрылып, оның құрамына Ұлттық Құрылтай мүшелері, белгілі заң-

герлер, мемлекеттік органдардың өкілдері, сарапшылар мен ғылыми қауымдастық өкілдері енді, – деді өңір басшысы.

Ермағанбет Қабдулаұлының айтуынша, бұл өзгерістер негізгі заңның жекелеген нормаларын түзетіп қана қоймай, тұтас мемлекетті басқару моделін жаңартуға

бағытталған.

Кеңейтілген отырыста Конституциялық реформа жөніндегі комиссия мүшесі, облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов жаңа Ата Заң жобасының саяси-құқықтық маңызы туралы ойларын ортаға салды.

► 2-бет

Шағын бизнесте шексіз мүмкіндік бар

Қарағанды облысы шағын бизнесті дамыту бойынша республикада көшбасшылар қатарында. Түбегейлі өзгеріс дәуірі қазыналы Қарағандыны да айналып өтпеді. Қуантарлығы, мұнда әрбір соны стартап – саф ауаның бір жұтымына паранапар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев шағын және орта бизнесті қолдау мен дамыту мемлекет саясатының басты басымдықтарының бірі екенін атап өтті. Президент тапсырмасын орындау аясында өңірде бастамашыл азаматтар үшін тартымды орта қанат жайды.



Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өлі есте. Осыдан бірнеше жыл бұрын ғана облыс орталығында шағын дәмхана немесе шеберхана ашықсы келген кәсіпкер бюрократиялық кедергілерге тап болып жататын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен былтыр желтоқсанда қабылданған «Іскер аймақ» шағын бизнесті қолдаудың бірыңғай бағдарламасының арқасында жағдай түбегейлі өзге сипат алды. Бірегей бағдарлама бытыранқы бастамаларды біртұтас әрі үйлесімді тетікке біріктірді. Кәсіп иесі үшін бұл – өз әлеуетін ескере отырып, табыс тартатын нарыққа мән беру деген сөз.

Дерек пен дәйек те көңіл көншітеді. Жыл қорытындысы облыста 102 мың шағын және орта бизнес субъектісі тіркеліп, 6 пайызға артқанын айғақтады. Салада 236 мыңға тарта адам еңбек етеді. Яғни, өлкенің жұмыс істейтін халқының 43,5 пайызы бұл. Шағын бизнес өндіретін өнім көлемі 38 пайызға өсіп, 1 973,8 мил-



Сурет ЖИ

лиард теңгеге жетіп жағылған. Кез келген статистиканың соңында адам тағдыры тұрмақ. Теміртаулық кәсіпкер Айгүл Жұмабекова «Өрлеу» жеңілдетілген несиелеу бағдарламасы арқылы шағын наубайхана ашқан.

– Бұрын құжаттың көптігінен қорқатынымын, – дейді ол. – Кейінірек 12,6 пайыздық субсидияланған мөлшерлемесмен, 10 жылға дейінгі мерзімге несие алып, қажетті жабдықты сатып алдым. Енді берекелі бизнесім отбасымды ғана емес, көршілерімді де жұмыспен қамтып отыр.

Іске қосылған мұндай мүлтіксіз мүмкіндіктер ел бойынша мыңдаған жобаны қамтып үлгерген. Қарағанды облысындағы көлемі 200 миллиард теңгеден асты. Респонденттер осынау игі кезеңді Президент тапсырмаларының нақты нәтижесі деп бағалайды. Экономист Мұрат Ахан: – Іскерлік үдерісінің жеңілдеуі белсенділіктің өсуіне бастайды. Биыл инновация

идеяларын іске асыруға, жасампаз креатор жастарға арналған гранттар саны сөзсіз артады. Есепті экономика әртараптана түссе, жақсы болмақ, – дейді. Осы тұста әйгілі эксперт, әзірбайжандық STEM сараптама орталығының директоры Орхан Йолчиевтің «Қазақстан жаңа парадигманы тандады: цифрландыру мен жасанды интеллект шағын бизнеске жол ашады» деген мәшһүр пікірі назарға ілігеді.

Шағын бизнеске сандық технология бейне бір мирас үлескендей екінші тыныс сыйлағаны аян. Әрі жең ұшынан жалғасқан жемқорлық жегі құртының ортан белінен пышақпен кескендей қылды. Бір айта кетерлігі, еліміздегі шағын және орта бизнестің жалпы ішкі өнімдегі үлес-салмағы 40 пайызға жуықтаған. Қарағанды облысында өткен жылдың 10 айында инвестиция көлемі 932,9 миллиард теңгені құрап, өңір рекордтық көрсеткішке қол жеткізді.

Әрине, қиындық болмады емес, болды.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Жыл басынан күшіне енген жаңа Салық кодексі қым-қуыт қоғамда сан түрлі пікірталас туғызды. Алайда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мәселе мәнісіне жедел назар аударды.

– Біздің басты стратегиялық мақсатымыз – экономиканың сапалы өсу қарқынын бәсеңдетпеу. Сол үшін инфляцияны төмендетуге қатысты жұмыстар қолға алынды, жаңа инвестициялық кезең басталғаны жарияланды. Басқа да шешімдер қабылданды. Экономика және бизнес саласы жаңа салық режиміне көшіп жатыр. Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар фискалдық жүйедегі өзгерістің елді дүрліктірмей, бірқалыпты жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге міндетті. Салық кодексін қолдануға қатысты жұртшылықтың ойға қонымды, сындарлы ұсыныстарын мұқият зерделеу керек. Қажет болса, түзетулер енгізген жөн. Түптің түбінде, Салық кодексі қасиетті кітап емес, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы Ұлттық Құрылтайдың бесінші отырысында.

Нәтижесінде микро және шағын бизнес үшін «таза парак» қағидаты енгізілді: өткен жылдар үшін камералдық тексерулер азайды, бақылаусыз оңай таратылу мүмкіндігі берілді, әкімшілендіру жеңілдетілді.

► 2-бет

ДЕНСАУЛЫҚ

Вакцинация электрондық форматта

Қазақстанда вакцинациялау саласындағы есептілік жүйесі толықтай электрондық форматқа ауыстырылды. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мәлімдеді. Министрліктің аппараттық кеңесінде айтылғандай, 2026 жылдың қаңтар айынан бастап иммунопрофилактикаға қатысты барлық есеп деректері «Вакцинациялау модулі» ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі.

Жаңа форматқа көшу қағазбастылықты азайтып, медициналық ұйымдардағы деректердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Енді вакциналардың қозғалысы, халықты қамту деңгейі және екпе жүргізу көрсеткіштері бойынша мәліметтер орталықтандырылған электрондық жүйеге енгізіледі. Бұл өз кезегінде ақпараттың жеделдігі мен нақтылығын қамтамасыз етеді.

Аппараттық кеңес барысында министрлік басшылығы өңірлердегі медициналық ұйымдарға электрондық есептілікті уақытылы әрі дұрыс енгізу қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, медицина қызметкерлерін жаңа ақпараттық жүйемен жұмыс істеуге оқыту және деректер сапасын тұрақты бақылау міндеті жүктелді.

Ведомство өкілдерінің айтуынша, есептілікті цифрландыру вакцинация процесін бақылауды күшейтіп, басқарушылық шешімдерді нақты деректер негізінде қабылдауға жол ашады.

Өз тілшімізден

Жаңа дәуірге жасалған жарқын қадам



(Соңы. Басы 1-бетте)

– Алтыншы отырыста Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасы таныстырылды. Құжаттың алғашқы нұсқасы Кіріспеден, 11 бөлімнен және 95 баптан тұрады. Жанартылған Преамбулада жалпыұлттық құндылықтар нақтыланып, мемлекет қызметінің жаңа қағидаттары бекітілді. Ел тарихында алғаш рет адам құқықтары мен бостандықтары мемлекеттік саясаттың басым бағыты ретінде жарияланып отыр. Бұл жаңа жоба қолданыстағы Ата Заңды жекелеген түзетулермен ғана шектеуді көздемейді. Керісінше, мемлекеттік басқару жүйесін заман талабына сай қайта қарауға бағытталған. Қазақстан президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет ретінде сақталады. Сонымен қатар, билік тармақтары мен қоғам арасындағы өзара тепе-теңдік тетіктері күшейтіледі, – деді ол.

Нұркен Сайфидинұлы депутаттық корпусстың алдағы кезеңдегі жауапкершілігіне де тоқталды. Оның айтуынша, мәслихат депутаттары реформаның мазмұнын қоғамға жеткізу, азаматтардың пікірін тыңдау және қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау ісінде белсенділік танытуы қажет. Бұл ретте конституциялық реформаны елдің болашақ дамуын айқындайтын жаңа Ата заң жобасы ретінде қабылдаудың маңызы зор.

«АМАНАТ» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы, Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның мүшесі Бекзат Қомарұлы Алтынбеков Конституцияның жаңа редакциясын ел тарихындағы маңызды саяси реформалардың бірі ретінде бағалады.

– Бұл құжат шаблондық шешімдер жиынтығы емес. Алты ай бойы халықтан түскен екі мыңнан астам ұсыныс сарапталып, қен қоғамдық талқылаудан өтті. Бұл –

мемлекеттің болашағын халықпен бірлесе айқындауға деген нақты саяси серпілістің көрінісі. Қазіргі жаһандану мен цифрлық трансформация жағдайында мемлекеттің табысы табиғи ресурстармен қатар, ең алдымен адами капиталға, ғылым мен білімге тәуелді. Комиссияның басты міндеті де осы. Комиссия жұмысының түпкі түйіні бір жағынан, Ата Заңдағы конституциялық құрылыстың негізгі қағидаттарын сақтаса, екінші жағынан, заман талабына сай жаңа көзқарасты қалыптастыруды көздейді. Біз осы үдеден шығуға тырыстық, – деді ол.

Келесі болып сөз алған Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің ректоры, Конституциялық реформа жөніндегі комиссия мүшесі Нұрлан Дулатбеков жаңа Конституция жобасын әзірлеу барысында білім мен ғылым саласына қатысты ұсыныстардың мазмұнына тоқталды.

– Конституцияның Преамбуласын талқылау кезінде білім мен ғылымды мемлекеттің стратегиялық басымдығы ретінде айқындауға ерекше мән берілді. Бүгінгі Қазақстан – енді қалыптасу кезеңіндегі емес, даму бағытын айқындай алатын, көзқарасы орныққан мемлекет. Сондықтан, жаңа редакцияда білім, ғылым және мәдениетке берілген басымдық – уақыт талабынан туындаған заңды шешім, – деді ол.

Нұрлан Орынбасарұлының пікірінше, 1995 жылғы Конституция мемлекеттіліктің негізін қалауға бағытталса, жаңа редакция қоғамның кемелдену деңгейін көрсетеді. Осыған байланысты ол Конституциялық заңнамада мемлекеттік тілдегі құқықтық терминдерді біріздендіру мен жетілдірудің өзектілігіне назар аударды.

Жиында облыстық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясының

төрағасы Қадияша Оспанова жаңа Конституция жобасындағы әлеуметтік саясаттың басым бағыттарына тоқталды. Оның сөзінде адам, оның өмірі мен әлеуметтік қорғалуы мемлекеттің негізгі құндылығы ретінде айқындалғаны атап өтілді. Сондай-ақ, денсаулық сақтау, білім беру, отбасы институтын қолдау және әлеуметтік осал топтарды қорғау мәселелерін конституциялық деңгейде бекіту өңірлердегі әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға және мәслихаттардың жауапкершілігін арттыруға бағытталғаны айтылды.

Жиында облыстық Қоғамдық кеңестің төрағасы Серікжан Байбосынов қоғамдық бақылау институттарының рөліне тоқталды. Ол қоғамдық кеңестердің мемлекет пен қоғам арасындағы ашық диалогты қамтамасыз етудегі маңызын атап өтті. Сонымен қатар, Конституцияның жаңа редакциясында бекітілген бейбітшілік, бірлік және өзара құрмет қағидаттарын қоғамға кеңінен түсіндіру және реформалардың қоғамдық қолдау табуына негіз болатыны айтылды.

Кеңейтілген отырысты қорытындылаған облыс әкімі елде басталған конституциялық реформаның маңызы ағымдағы саяси күн тәртібінен әлдеқайда ауқымды екенін атап өтті. Оның айтуынша, жаңа Конституция мемлекетті басқарудың тиімді моделін қалыптастыруға, өңірлердің рөлін күшейтуге және азаматтардың шешім қабылдау үдерісіне нақты қатысуына жол ашады. Осыған байланысты облыста Конституцияның жаңа редакциясын түсіндіруге бағытталған ақпараттық-насихат топтары құрылып, қалалар мен аудандарда жүйелі кездесулер өткізілмек.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Шағын бизнесте шексіз мүмкіндік бар

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мұндай гуманизм сипатындағы пайдалы шаралар легі облыс өмірі үшін де терең мәнге ие. IT-стартап иелерінің көбісі «Бұрын салық тексерісі деген суық сөздің өзі қолға алған бастамамызды «тұншықтыратын». Қазір еркін тыныстап, қағазға емес, дамуға көңіл бөлеміз», – дейді.

Кәсіпкерлер палатасы ұсынған гранттық қолдау да ересен. Өңірде туризм мен сауда салаларында жобалар іске асырылары мәлім болды. Қажетсіз тосқауылдар азайып, биыл инвестиция көлемі 1,9 триллион теңгеге жетеді деп болжануда. Ауылдық жерлерде шағын кәсіпкер саны 105 пайызға артқаны көп жайдан жағымды хабар береді.

Әрине, табыскер тұлғаның жолы заңдында теп-тегіс емес. Тәуелсіз салық кеңесшісі Екатерина Ким, қосымша құн салығы мәселесі бойынша қосымша талқылаулар қажет екенін алға тартқан еді. Айтса айтқандай, кәсіпкер болу Instagram-ға әдемі бейне жүктей салып, жұрт назарын ретгі-ретсіз өзіне аудару емес болар. Керісінше, адалдан тапқан әр теңгені есептеп, әрбір жағдаятқа сауатты көзқарас танытатын күнделікті күйкентайлық күрес. Бүгінгі кәсіп иесі әмбебап болмағы – заман талабы. Өзі әрі есепші, әрі менеджер, әрі жүк тасушы бола білуі шеберлік деп қабылданады.

Тұтынушылық қабілет те төмендемесе, албаты артпайды. Минимализм мәніне «сүнгіген» халық осы күні азырақ шығындалады. Демек, бұл кафе, дүкен егелеріне,



қызмет көрсету саласына тікелей соккы. Салмақ санда емес, сарапта. «Жеткізуші бағаны көтерсе ше?», «Клиент маркетплейске кетсе ше?» деген соғынды ой маза бермейді. Сондықтан, есте сақтаңыз: әсем сурет пен әлеуметтік желідегі табысты посттың шалғайында неше түн ұйқы көрмей, айды шығынсыз «жабуды» есептеген адам тұруы ықтимал. Кәсіпкер болу – оңай ақша табу емес. Оңай ақша алаяқтық албарында қылаңытар.

Зер саларлығы, қоғамның жалпы көңіл күйі – оптимистік реңкке сайды. Былтыр республиканың жалпы ішкі өсімі 6,5 пай-

ызды құраса, мұндағы Сарыарқа салымы аса қомақты. Облыс экономикасы 5,4 пайызға өсіп, шағын бизнес жаңбырлан кейінгі дала қызғалдағындай жайқалып келеді.

Ұғынсақ, кез келген елді алға сүйрейтін қуатты да шуақты адамдар екендігі шындық. Өредік сондай жандардың көпшілігі Орталық Қазақстанда тұратындай көрінеді көзге. Біле білсек, Қарағанды игілікті идеяларды іске асырудың хабына айналып келеді. Ендеше келер күндерде жөнекей кісінің де терге малшының тебінгісі теңге саулатсын дейміз.

• КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА

Кемел келешек тұғыры

Қазіргі кезеңде еліміздің алдында мемлекеттік басқару жүйесін жаңа саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімдеу міндеті тұр. Осы тұрғыда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған конституциялық реформа билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті қайта қарауға, өкілді органдардың рөлін күшейтуге және қоғамның шешім қабылдау үдерісіне қатысу тетіктерін кеңейтуге бағытталған. Конституциялық комиссия алаңында талқыланып жатқан өзгерістер құқықтық нормаларды жаңарта отырып, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара қатынастың сапасын арттыруды көздейтін жүйелі қадам екені сөзсіз. Бұл үдерісте мәслихаттар азаматтардың пікірін билік деңгейіне жеткізетін маңызды институт ретінде айрықша мәнге ие.



Қызылорда қаласында өткен V Ұлттық Құрылтай отырысында Мемлекет басшысы алдағы конституциялық реформаның негізгі бағыттарын жариялады. Бұл бастама тәуелсіз Қазақстандағы саяси жаңғыру үдерістерінің қисынды жалғасы болып есептеледі және елдің ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Президент реформасы мемлекеттік басқару жүйесінің тұрақтылығын сақтай отырып, оны қоғам сұраныстарына барынша жақындатуды көздейді.

Осы мақсатта Қазақстан Президентінің Жарлығымен Конституциялық комиссия құрылды. Комиссия – елдің заманауи дамуы, демократиялық институттарды нығайту, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті жетілдіру және өңірлердің мемлекеттік басқарудағы рөлін арттыру мәселелерін жан-жақты талдауға, талқылауға және нақты ұсыныстар әзірлеуге жауапты консультативтік орган. Комиссия құрамына Парламент депутаттары, саяси партиялардың жетекшілері, мәслихат төрағалары, қоғам қайраткерлері, мемлекеттік органдар мен өңірлік қоғамдық кеңестердің өкілдері, сарапшылар мен ғалымдар, сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары енгізілді. Мұндай кең әрі түрлі сала өкілдері кірген құрам қабылданатын шешімдердің жан-жақты, теңгерімді әрі қоғамдық сұранысқа сай болуына мүмкіндік береді.

Мен Конституциялық комиссияның мүшесі ретінде берілген өкілеттіктер шеңберінде оның жұмысына қатысып келемін. Бүгінгі күнге дейін комиссияның алты отырысы өткізілді. Алғашқы бес отырыс барысында Құрылтайға сайлаудың пропорционалды жүйесінің артықшылықтары, өкілді органдардың құрамы мен өкілеттіктері, неке және отбасы институтын нығайту, зайырлы білім мен тәрбие қағидаттарын бекіту, сондай-ақ «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Заң және тәртіп», «Таза Қазақстан» сияқты мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттары кеңінен талқыланды. Бұл мәселелердің барлығы қоғамның тұрақты дамуына, құқықтық мәдениеттің қалыптасуына және мемлекеттік басқарудың ашықтығын қамтамасыз етуге тікелей байланысты.

Комиссияның алтыншы отырысында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасы ұсынылды. Аталған жобаны Конституциялық сот төрағасының орынбасары Бақыт Нұрмұханов таныстырды. Жоба Кіріспе, 11 бөлім және 95 баптан тұрады. Жаңартылған Конституцияда жалпыұлттық құндылықтар нақты айқындалып, мемлекет қызметінің жаңа қағидаттары бекітілген. Ел тарихында алғаш рет адам құқықтары мен бостандықтары мемлекет саясатының басты басымдығы ретінде жарияланып отыр. Бұл – құқықтық мемлекет қағидаттарын тереңдетуге бағытталған түбегейлі өзгеріс.

Кіріспе бөлігінде мемлекеттің тарихи қалыптасу жолы, қазақ жерінің өркеніеттік бастаулары және ел дамуының сабақтастығы көрініс тапқан. «Конституциялық құрылыстың негіздері» деп аталатын бірінші бөлімде мемлекеттің ұйымдастырылу қағидатта-

ры, егемендікті нығайтуға бағытталған нормалар және билік институттарының өзара іс-қимыл тетіктері қамтылған. Қазақстан президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет ретінде сақталады. Бұл жерде билік тармақтарының өзара теңгерімді жұмыс істеуі және бір-біріне бақылау жасау механизмдерін күшейту басты міндет болып отыр.

Сонымен қатар, Конституция жобасында қолданылатын терминология да жаңартылды. Конституциялық комиссия төрағасы, Конституциялық соттың төрағасы Эльвира Әзімова атап өткендей, Ата Заңның жаңа нұсқасында Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығы мен дербестігін бекітетін негізгі нормалар өзгеріссіз сақталады. Конституция жобасы Конституциялық соттың ресми сайтында жарияланып, «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарық көрді. Бұл қоғамның кеңінен танысып, пікір білдіруіне мүмкіндік беретінін айта кету керек.

Жүргізіліп жатқан конституциялық реформаның өзегінде демократиялық институттарды нығайту, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ, қоғамның мемлекеттік басқаруға қатысуын кеңейту мәселелері өткір тұр.

Бұл үдерісте өкілді билік органдарының, соның ішінде, мәслихаттардың рөлі айрықша. Мәслихаттар – аймақтардағы халық мүддесіне жауапты негізгі саяси институт ретінде азаматтар мен орталық билік арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Осы тұрғыдан алғанда, облыстық мәслихаттардың басты міндеті – реформаның мәні мен мазмұнын халыққа жеткізу, қоғамдық пікірді жинақтау және оны шешім қабылдау үдерісінде ескеру.

Бұдан бөлек, мәслихаттар қабылданатын конституциялық нормалардың өңірлік деңгейде тиімді іске асырылуына бақылау жасап, азаматтардың ұсыныстары мен бастамаларын қолдауға тиіс. Бұл билік пен қоғам арасындағы сенімді нығайтып, реформалардың нақты нәтижелер беруіне ықпал ететіні анық.

Ұсынылып отырған конституциялық өзгерістер Қазақстанның ұзақ мерзімді дамуына, кемел келешегіне бағытталған. Олар мемлекеттілікті нығайтуға, өңірлердің әлеуетін арттыруға және азаматтардың билік институттарына деген сенімін күшейтуге негіз болады. Реформа қоғамдық пікірді ескере отырып жүргізілді, бұл – оның легитимділігі мен өміршеңдігін қамтамасыз ететін маңызды фактор.

Конституциялық реформаның табысты іске асуы қабылданатын нормалардың сапасымен қатар, оларды іс жүзінде жүзеге асыруға деген ортақ жауапкершілікке де байланысты. Ашық диалог, кәсіби сараптама және азаматтардың белсенді қатысуы – осы үдерістің басты алғышарттары. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыс Қазақстанның заманауи, әділ әрі тұрақты мемлекет ретінде одан әрі дамуына берік негіз қалайды.

Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық
мәслихатының төрағасы
Сурет облыстық мәслихаттың баспасөз қызметінен

• «ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

Жасампаз ұрпақ, жасыл идея

Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті базасында биогаз өндіріледі. Жасыл технологияларды білім беру жүйесіне енгізуді жолға қойған оқу орнының бұл жобасы озық. Университет алаңында Германияда өндірілген шағын биогаз қондырғысын таныстыруға арналған «дөнгелек үстел» ұйымдастырылып, оның білім беру мен ғылыми ортада қолданылу мүмкіндіктері талқыланды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жоба Creative Innovation Institute – Орталық Азияның тұрақты даму қоғамдық қоры тарапынан жүзеге асырылып отыр. Қор Орталық Азиядағы герман экономикасы өкілдігі – DEInternational Kasachstan өткізген ашық конкурстық іріктеудің жеңімпазы атанып, нәтижесінде университет аумағына орнату үшін Германияда өндірілген nOa One M шағын биогаз қондырғысына ие болды.

Бастама жоғары білім беру жүйесінде тұрақты дамудың практикалық үлгісін қалыптастыруды көздейді. Ол оқыту, қолданбалы ғылыми зерттеулер және заманауи экологиялық технологияларды біріктіретін университеттік инфрақұрылымның ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Яғни, жоба тек технологиялық жаңалық қана емес, сонымен қатар, болашақ мамандарды даярлаудың жаңа форматы болып отыр.

Шағын биогаз қондырғысының мүмкіндігі де айтарлықтай. Қондырғы жылына 7 тоннаға дейін органикалық қалдықтарды өңдеп, тәулігіне 2 м³-ке дейін биогаз өндіре алады. Сонымен қатар, жыл сайын 18 тоннаға дейін CO₂-эквивалентіндегі ілеспе газдар шығарындыларын азайтуға

мүмкіндік береді. Ал, алынатын дигестат университет кампусы мен оқу нысандарын қоғаландыруға пайдаланылып, химиялық тыңайтқыштарды алмастыру арқылы қоршаған ортаға түсетін жүктемені төмендетеді.

Жобаның басты артықшылықтарының бірі – оның білім беру және цифрлық интеграциясы. Биогаз қондырғысы инженерлік, экологиялық және ESG бағытындағы пәндер аясында оқу-демонстрациялық объект ретінде қолданылады. Сонымен бірге, ол цифрлық білім беру құралдарымен және авторлық PLATON 5D әдістемесімен біріктіріледі. Нәтижесінде университет базасында циркулярлық экономика технологияларын тәжірибе арқылы меңгеруге мүмкіндік беретін «тірі зертхана» (living lab) форматындағы алаң құрылады.

Осы орайда жобаның мәні мен оны жүзеге асыру барысы туралы Орталық Азия бойынша Тұрақты даму және ESG орталығының басшысы Александра Харитонова келінен тоқталды.

– Біздің ұйым Қарағанды техникалық университеті базасында жұмыс істейтін ESG тұрақты даму орталығы аясында циркулярлық экономика, экология және креативті экономика бағыттарымен айналысады. 2024 жыл-



дың соңында біз неміс тарапы ұйымдастырған, толық қаржыландырылатын білім беру бағдарламасына қатысып, Германияның Дюссельдорф қаласы мен оған жақын өңірлерінде қалдықтарды басқару жүйесінің жұмысымен таныстық. Әсіресе, тағам және ауыл шаруашылығы қалдықтарынан электр және жылу энергиясын өндіретін биогаз технологиясы бізге үлкен әсер қалдырды, – деді Александра Харитонова.

Сарапшының айтуынша, осы тәжірибеден кейін Қазақстан жағдайында да мұндай жобаларды іске асыруға болатынына көз жеткізілген.

– 2025 жылдың көктемінде неміс тарапы шағын биогаз қондырғысының прототипіне арналған конкурс жариялап, біздің жоба үздік деп танылды. Қондыр-

ғы 2024 жылдың желтоқсан айының соңында жеткізіліп, қазіргі уақытта монтаждау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл – өндірістік емес, демонстрациялық прототип. Алғашқы кезеңде асхана қалдықтары пайдаланылып, тәулігіне шамамен 20 келі көлемінде жүктеме жоспарланып отыр. Қондырғы бір газ плитасының жұмысын қамтамасыз ете алатын қуатқа ие. Негізгі мақсат – Қарағанды өңіріндегі кәсіпорындарға өз қалдықтарын қайта өңдеу арқылы энергия шығынын азайтуға болатынын көрсету, – деді Александра Харитонова.

Жоба аясында жыл сайын 400-ден астам студент пен мектеп оқушысын білім беру және демонстрациялық іс-шараларға тарту жоспарлануда. Бұл өңірде жасыл экономика мен тұрақты

технологиялар саласындағы кадрлық әлеуетті қалыптастыруға елеулі үлес қоспақ. Сонымен қатар, жоба университет студенттері үшін, әсіресе инженерлік және электромеханика бағытында оқитын жастар үшін тәжірибелік алаң болмақ.

Ігі бастама Мемлекет басшысы Ұлттық Құрылтайда атап өткен экологиялық шешімдерді дамыту және климаттық күн тәртібінде білім берудің рөлін күшейту жөніндегі басымдықтармен де үндес. Жоба Қазақстан Республикасының мемлекеттік экологиялық саясатының басымдықтарына және БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына толық сәйкес келеді.

Осы орайда өткен дөнгелек үстел жұмысына Германия мен Қазақстанның сарапшылары, Қа-

рағанды облысының профильді мемлекеттік органдарының өкілдері, университет қауымдастығы қатысты. Шара барысында Германия тарапынан да жобаның маңыздылығы атап өтілді.

– Германия Қазақстанмен экология және тұрақты дамытудағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделі. Мен Германияның Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Федералдық министрлігінің қаржылық қолдау бағдарламаларын іске асыратын «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экспорттық бастама» аясында жұмыс істеймін. Бүгінгі сапарымыз Орталық Азиядағы Герман экономикасы өкілдігінің басшысы Эдуард Кинсбруннер жетекшілік ететін делегация құрамында өтіп жатыр, – деді Германияның Федералдық қоршаған орта, табиғатты қорғау, ядролық қауіпсіздік және тұтынушылардың құқықтарын қорғау министрлігінің өкілі Хайко Боллинг.

Оның айтуынша, Қазақстан мен Германия арасындағы әріптестік өзара тиімді негізде жүзеге асуы тиіс.

– Университеттермен, ғылыми орталықтармен және қузыретті серіктестермен жұмыс істеу аса маңызды. Бұл жоба, экологиялық технологияларды енгізу мен тәжірибе алмасудың нақты үлгісі. Сонымен қатар, студенттердің білім беру алмасу бағдарламаларына қатысуы тұлғалық дамуға оң әсер етіп, екі ел арасындағы ұзақ мерзімді серіктестікті күшейтеді, – деп түйіндеді ол.

Сурет Ә.Сағынов атындағы техникалық университет баспасөз қызметінен

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Білімдінің бәсі биік

Жаһандану дәуірінде цифрлы технологияларды мектеп қабырғасынан бастап, меңгеру күнделікті дағдыға айналып келеді. Осы орайда елордада өткен «Astana FIRST Qualifier» республикалық чемпионатында аймағымыздың айбынын асырған жас роботтехниктер жоғары нәтиже көрсетіп, Орталық Азия деңгейіндегі жарысқа жолдама жеңіп алды. Еліміздің түпкір-түпкірінен, мамандандырылған лицейлер мен білім ордаларынан жиналған кілі мықтылар арасынан бірнеше жүлдені қанжығасына байлаған облыс оқушылары роботтехниканың әлеуеті өңірде артып келе жатқанын тағы бір мәрте дәлелдеді.



Сурет облыс әкімінің сабынан

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

«Astana FIRST Qualifier» байқауы – халықаралық «FIRST» білім беру ұйымының еліміздегі ең ірі кезеңдерінің бірі. Биылғы маусым археология тақырыбына арналды. Қатысушылар автономды роботты бағдарламамен, «Робот ойыны» кезеңінде миссияларды орындайды. Қазір қазылар алқасының ұсынымдарын ескере отырып, келесі кезеңге дайындықты бастап кеттік. Өзіміз ұсынған идеяны жетілдіріп, жоба ретінде қорғап, оны топпен бірге қорғағанда ұжымның ұйымшылдығы да алдыңғы орынға шықты.

Жарыста «Дарын» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының командалары айрықша көзге түсті. «Asian Sharks» және «Ancient T-REX» командалары «Astana FIRST & DRONES CHAMPIONSHIP 2026» халықаралық турнирінде 88 команда арасынан суырылып оза шауып, I және II орындарды иеленді. Әрі осы жарқын жеңісімен Орталық

Азия чемпионатына жолдама алды.

– Біздің құрамда әр баланың өз міндеті бар. Бірі «Core Values» номинациясында жобаның әлеуметтік маңызын қорғаса, енді бірі автономды роботты бағдарламамен, «Робот ойыны» кезеңінде миссияларды орындайды. Қазір қазылар алқасының ұсынымдарын ескере отырып, келесі кезеңге дайындықты бастап кеттік. Өзіміз ұсынған идеяны жетілдіріп, жоба ретінде қорғап, оны топпен бірге қорғағанда ұжымның ұйымшылдығы да алдыңғы орынға шықты. Жас жеткіншектердің ғылым мен технология саласындағы жарқын жетістіктерге жеткені көңіл қуантады, – дейді команда жетекшілерінің бірі Нәзира Смағұлова.

«Ancient T-REX» командасының жобасы археологияны IT-технологиялармен ұштастыруға бағытталған. Команда 3D-модельдеу элементтері мен

интерактивті тапсырмалары бар цифрлық өнім әзірлеген. Мақсаты – күрделі тақырыпты балалар мен жасөспірімдерге барынша түсінікті ету.

Ал, «Asian Sharks» командасы өңіріміз үшін өзекті саналатын кеніштердегі қауіпсіздік мәселесіне назар аударған.

– Біз археологиялық нысандар мен жер асты шахталарында қолдануға болатын көпфункционалды робот пен цифрлық платформаны ұсындық. Робот түрлі датчиктермен жабдықталған, қауіпті аймақтарды алдын ала анықтайды. Адам өмірі мен саулығы қашан да басты назарда болғандықтан, технологияларға бейімдеп, оны жаңаша сипатта сақтауға күш-жігерімізді салуымыз керек, – деді команда мүшесі Адия Шамелова.

№1 «Білім-Инновация» лицейінің оқушылары да чемпионатта қалыс қалмай, жоғары

деңгейде өнер көрсетті. «FIRST LEGO League Challenge» санатында қатысқан төрт команданың ішінде «Spectral» және «Neptory» командалары Орталық Азия кезеңіне жолдама алды.

Ал, №2 «Білім-Инновация» лицейінің қыздардан құралған «Error 404» және «Sparks» командалары да жоғары деңгейде бақ сынады. Олар алдымен тек қыздар қатысатын «First Ladies Regional» турнирінде бақ сынап, кейін «Astana Drone and Robot First Qualifier» кезеңінде елдің әр түпкірінен келген 80 команданен бәсекеге түсті. Нәтижесінде екі команда да робот ойыны бойынша үздік жиырманың сапына еніп, «Core Values» номинациясында екінші орынға ие болды.

Облыстың намысын қорғаған ең жас жеңімпаздар – Саран қаласындағы №17 мектеп-гимназияның «Robo Stars Saran» командасы. Қатысушылардың жасы небәрі 9-10 жас аралығында болса да, команда өз санатында чемпион атанып, еліміздің бес облысынан келген елуге жуық қарсыласын басып озды.

– Біздің оқушылар жоба жұмысын әзірлемес бұрын қазба жұмыстарына арнайылап барып, түйткілді мәселелерді көзбен көрді. Нәтижесінде, ұжыммен ұйымдаса отырып, инженерлік шешім іздеуді үйренді. Екі күн бойы балалар жобаларын қорғап, интерактивтер өткізді. Алдағы уақытта жобаны жетілдіре түсуге күш саламыз, – дейді команда жаттықтырушысы Әсел Ақшалақова.

Білім бәйгесінде «Мүрагер» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының «JelToqSun» командасы да өз санатында бірінші орын алды. Сонымен қатар, «M2T» және «Astrix» командалары инженерлік шеберлігі үшін марапатталып, Орталық Азия кезеңіне жолдама иеленді.

Аймақтың алапасын асырған оқушыларының бұл жетістігі – өңірде роботтехника мен инженерлік білімге жүйелі түрде көңіл бөлініп жатқанын көрсетеді. Ал, жас инженерлер үшін бұл дола – халықаралық дәрежедегі білім белестерге жеткізер алғашқы баспалдақтардың бірі ғана.

ҚР Ұлттық Банкінің Қарағанды филиалы хабарлайды

2025 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары негізінде Ұлттық банк қызметкерлерінің және «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығының кәсіби жаттықтырушыларының басшылығымен мектептер мен колледждер оқытушыларының экономика негіздері, қаржы мәдениетін оқу процесіне интеграциялау және оқушылар мен студенттердің өзіндік ақшалай қаражатын жауапкершілікпен ұстаудың практикалық дағдыларын қалыптастыру бойынша қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған ауқымды жобасын жүзеге асыруға кірісті. Бұл жоба Қазақстан азаматтарының қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру жөніндегі стратегиялық бастаманың бір бөлігі.

Қаржылық сауаттылықты білім беру жүйесіне интеграциялануы экономикалық тұрақтылықты нығайтуға бағытталған маңызды қадам. Бұл бастама қоғамның қаржылық мәдениетінің дамуына және қаржы пирамидалары мен интернет-алаяқтығынан қорғалуын арттыруға ықпал етеді.

Оқу бағдарламасында қаржылық мінез-құлық психологиясын, отбасылық бюджетті жоспарлау әдістерін, сондай-ақ, қаржылық алаяқтықтан қорғалу мәселелерін зерттеуі көзделген. Оқыту педагогтерге оқу процесіне қаржылық сауаттылық негіздерін енгізу үшін қажетті жеке қаржыны басқару саласындағы құзыреттерді игеруге көмектеседі.

Оқытуды халықаралық стандарттар бойынша даярлықтан өткен ҚР Ұлттық Банкінің 100 маманы және 76 «Өрлеу» жаттықтырушысы жүргізеді.


Бес күндік курстар, мұғалімдердің қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру мақсатында, мектептер мен колледждердегі «Жаһандық құзыреттілік» пәнінің оқытушылары одан әрі оқушылар мен студенттерді оқытуды жалғастыруына бағытталған.

Алған білімдерін оқу процесінде қолдана отырып, оқытушылар қаржылық тәуекелдерден қорғану үшін қажетті оқушылардың қаржылық сауаттылығын арттыруына айтарлықтай үлес қосады.

2025 жылы өткізілген қаржылық сауаттылық негіздері бойынша педагогтерге арналған біліктілікті арттыру курстары шеңберінде республикамыздың аймағында 5627 оқытушы, сондай-ақ, Қарағанды облысы бойынша – 289 мектеп және колледж оқытушылары, оның ішінде: 139 оқытушы – мемлекеттік тілде, 150 оқытушы орыс тілінде оқытылып, сертификат алды.

Ағымдағы жылдың 2 ақпанынан 15 мамыры аралығында ҚР Ұлттық Банкі Қарағанды филиалының ғимаратында облыс мектептері мен колледждер оқытушыларының қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша ауқымды жоба жалғасады. Оқуға 300 оқытушы жатады, оның ішінде: 175 оқытушы – мемлекеттік тілде, 125 оқытушы – орыс тілінде қатысады.

Қаржылық сауаттылық қаржылық алаяқтықты алдын алуда және жеке қаржыны қорғауда маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда қаржылық қауіпсіздік өте өзекті, себебі, ол халықтың қаржы әлеміндегі жағдайына үйренуге, қажетті қызметтерді таңдауға және өз құқықтарын алаяқтардан қорғауға көмектеседі.



Электрондық пошта:

ortalyk.kaz@mail.ru



Жаңалық әрқашан жаныңызда!

https://ortalyq.kz/

